

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 13 мамыр

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Баршаңызды көргеніме қуаныштымын. Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті сенаторлар! Енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы 2014 жылғы 10 қазандағы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрі Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлына беріледі.

СҰЛТАНОВ Б.Т. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы 2014 жылғы 10 қазандағы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылады.

Армения Республикасына Еуразиялық экономикалық одаққа қосылу барысында 2022 жылғы 1 қаңтарға дейін кейбір тауарларға қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінде көзделгеннен неғұрлым төмен импорттық кедендік баждарды қолдану мүмкіндігі берілген.

Армения Республикасының алып қоюлар тізбесі 981 тауар позициясынан тұрды. Бұл азық-түлік тауарлары, ет, жарма, химиялық өнімдер, автомобильдер, дәрі-дәрмектер, жабдықтардың, құралдардың және асыл тастардың кейбір түрлері.

2019 жылғы желтоқсанда Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес барысында Армения Республикасының Премьер-Министрі Бірыңғай кедендік тарифке көшу кезеңін ұзарту туралы өтініш білдірді.

Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттерінің басшылары, сондай-ақ Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің құрметті төрағасы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өтпелі кезең 2019 жылы аяқталған тауарларға қатысты төмен импорттық баждарды қолдану мерзімін 1 жылға ұзартуға келісті. Осылайша 2020 жылы алып қоюлар тізбесі 647 тауар позициясын құрады. 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап Арменияның тізімінде тек 94 тауар қалды, олар бойынша 2022 жылғы 1 қаңтарға дейін төменгі импорттық баж салығы қолданылады. Бұл ет, жарма, көкөністер, асыл тастар мен жабдықтар сияқты тауарлар.

Құрметті депутаттар, заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.  
Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?  
Сөз депутат Нұржігітова Дана Өмірбайқызына беріледі.

НҰРЖІГІТОВА Д.Ө. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Бақыт Тұрлыханұлына сұрағым бар.

2020 жылы Қазақстан мен Армения арасындағы сауда айналымы бар болғаны 15 миллион долларды құрады. Бұл Еуразиялық экономикалық одаққа мүше серіктестерімізбен арадағы сауда-саттық көлемінің ең төменгі көрсеткіші.

Бүгін қарастырып отырған хаттаманы ратификациялау Қазақстан мен Армения арасындағы тауар айналымының өсуіне ықпал етеді деп айта аласыз ба?

Сондай-ақ ратификациялау өтпелі кезеңді ұзартатын елге пайдалы екені түсінікті, ал біздің елге қаншалықты тиімді?

СҰЛТАНОВ Б.Т. Сұрағыңызға рақмет. Дұрыс айтасыз, жалпы осы хаттаманы ратификациялау Армения Республикасы мен Қазақстанның арасындағы тауар айналымының өсуіне тікелей әсер етпейді. Өйткені негізгі бағыты – төмендетілген баждардың көлемін тағы бір жылға қолдану, яғни үшінші елдердің тауарын алып келу. Алайда өтпелі кезеңді ұзарту Армения Республикасының экономикалық жағдайын тұрақтандыруға көмек берді, сондықтан бұл өз кезегінде одақтың ішіндегі өзара тауар айналымын, яғни өзіміздің экспортты көтеруге мүмкіндік береді.

Жалпы жаңа дұрыс айттыңыз, одақтың ішіндегі басқа елдермен салыстырғанда Қазақстан мен Армения арасындағы сауда көрсеткіштері ең төмен деңгейде. Бірақ Армения одаққа қосылғаннан бері біздің осы елге экспортымыз он есе көтерілді, яғни осы жылдар арасында 700 мың доллардан 7 миллион долларға дейін көтерілді. Біз тиісті талдау жасадық, бүгінгі күні біздің экспортты ұлғайту әлеуеті 300 миллион долларды құрайды. Бұның ішінде аккумуляторлар, трансформаторлар, мұнай-химия өнімдері мен машина жасау, яғни осындай шикізат емес тауарлар бар. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бақыт Тұрлыханұлы, орныңызға отырыңыз.

Слово для содоклада предоставляется члену Комитета по финансам и бюджету Карплюку Сергею Алексеевичу.

КАРПЛЮК С.А. Спасибо.

Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые коллеги! Протокол о внесении изменений в Договор о присоединении Республики Армения к Договору о Евразийском экономическом союзе совершен 14 апреля 2020 года в городе Москве.

Основной целью данного протокола является обеспечение поэтапной интеграции таможенных пошлин Республики Армения к ставкам Единого таможенного тарифа Евразийского экономического союза.

Протокол направлен на реализацию договоренностей по продлению для Республики Армения переходного периода до полной имплементации единых таможенных тарифов Евразийского экономического союза сроком на один год в связи с социально-экономической необходимостью.

Рассматриваемый протокол охватывает сферу таможенно-тарифного регулирования, применяемого Республикой Армения в отношении наиболее чувствительных для данной страны товаров.

Хочется отметить, что с 1 января 2022 года таможенные пошлины Республики Армения полностью выравниваются с Единым таможенным тарифом Евразийского экономического союза.

Принятие закона не потребует выделения дополнительных финансовых средств из республиканского бюджета и не повлечет негативных социально-экономических и правовых последствий.

Уважаемые депутаты! От постоянных комитетов Сената замечаний и предложений не поступило.

С учетом изложенного Комитет по финансам и бюджету в соответствии с пунктом 4 статьи 61 Конституции Республики Казахстан рекомендует принять Закон Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменений в Договор о присоединении Республики Армения к Договору о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года от 10 октября 2014 года».

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо, Сергей Алексеевич.

Талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы 2014 жылғы 10 қазандағы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының

жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі келесі мәселе «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырдағы хаттамаға өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрі Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлына беріледі.

СҰЛТАНОВ Б.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырдағы хаттамаға өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылады.

Қырғыз Республикасының Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы хаттамамен Қырғыз Республикасына 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін кейбір тауарларға қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінде көзделгеннен неғұрлым төмен импорттық кеден баждарын қолдануға мүмкіндік берілді.

Қырғыз Республикасының алып қоюлар тізбесі 222 тауар позициясынан тұрады. Бұл азық-түлік тауарлары, дәрі-дәрмектер, автомобильдер, түрлі түсті металл бұйымдары мен жабдықтар сияқты тауарлар.

Мемлекеттің тұрақсыз экономикалық және әлеуметтік жағдайын ескере отырып, Қырғыз Республикасының Президенті 2019 жылғы желтоқсанда Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттері басшыларының саммиті барысында алып қоюлар тауарларына қатысты неғұрлым төмен баждарды қолдану мерзімін ұзарту туралы өтініш білдірді.

Талқылау қорытындысы бойынша мемлекет басшылары, сондай-ақ Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің құрметті төрағасы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өтпелі кезеңді 1 жылға ұзартуға келісе отырып, ізгі ниетін білдірді.

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап Қырғыз Республикасы барлық тауарларға қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің мөлшерлемелеріне көшті.

Құрметті депутаттар, заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.  
Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?  
Сөз депутат Қаниев Бауыржан Нұралыұлына беріледі.

ҚАНИЕВ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Бақыт Тұрлыханұлы! Сіздің министрліктен алған ақпаратқа сәйкес 2020 жылы Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы тауар айналымы 2019 жылға қарағанда 15,3 пайызға төмендеген, экспорт 9,9 пайызға азайған, импорт 26 пайызға кеміген, ал сауда балансы 20,6 миллион АҚШ долларына өскен.

Бәрімізге белгілі, пандемияның себебінен 2020 жыл экономикалық тұрғыдан алғанда өте қиын жыл болды. Көптеген бизнес субъектілері өз қызметін тоқтатуға мәжбүр болды.

Осыған орай сұрағым: сауда балансының өсімі немен байланысты? Қалай түсіндіре аласыз? Рақмет.

СҰЛТАНОВ Б.Т. Құрметті Бауыржан Нұралыұлы, сұрағыңызға рақмет. Жаңа өзіңіз айтқандай, пандемия салдарынан біздің елімізде де, көршілес Қырғыз Республикасында да экономикалық жағдай минусқа кетті. Жалпы біздің экспортымыз да, олардан да алып келетін импорттымыз да төмендеді. Бірақ импорттың төмендеуі көбірек болды, жаңа өзіңіз 9,9 пайыз және 26 пайыз деп айттыңыз.

Нақты көлемдерін айтсақ, экспорт 62 миллион долларға қысқарды, ал импорт 92 миллионға қысқарды. Сондықтан айырмашылығы 20 миллион, бұл арамыздағы баланстың жақсаруына өзінің тікелей әсерін беріп отыр. Бірақ нақты қандай тауарлардың экспорты мен импорты төмендегенін айтатын болсақ, экспорттың 62 миллионының ішіндегі 18 миллион доллары бұл бидайдың экспорты, ал темекі өнімдері 11,5 миллион долларға және металл конструкциялары 6 миллион долларға қысқарды. Алып келетін импорттың ірі көлемдерінің 15 миллионына былғарыдан жасалған аяқкиім өнімдері және 12 миллион сәндік косметика және басқа мәселелер жатады.

Өздеріңіз білесіздер, Қытайдан бізге келетін импорт қысқарды. Бұл Қырғыз Республикасы арқылы келетін импорттың төмендеуіне тікелей әсерін беріп отыр. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Бақыт Тұрлыханұлы, орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер мен шақырылғандар! Қырғызстан Республикасына үшінші елдерден әкелінетін кейбір тауарларға қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифтерін толық қолданудың өтпелі кезеңі жөніндегі уағдаластықтарды іске асыруға бағытталған хаттама 2020 жылғы 14 сәуірде Мәскеу қаласында жасалды.

Хаттаманы ратификациялау 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап Қырғызстан Республикасына импортталатын азық-түлік, дәрілік, түсті металдардан жасалған кейбір бұйымдар мен жабдықтар сияқты 139 тауар позициясына қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі толық мөлшерде қолданылып, кедендік-тарифтік реттеу саласын қамтиды. Сонымен қатар Ұлттық экономика министрлігінің болжамды есептеулеріне сәйкес 2021 жылы екі ел арасындағы тауар айналымынан түсетін шартты түсімдер 2020 жылмен салыстырғанда 172 миллион теңгеге артады. Алайда бұл көрсеткіштің аталған заң жобасын қабылдау нәтижесінде қосымша артуы жоспарланып отыр.

Бұл келісім «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Заңның 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес ратификациялауға жатады.

Сенаттың тұрақты комитеттерінен аталған заң жобасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Баяндалғанды ескере келе, Қаржы және бюджет комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 4-тармағына сәйкес «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырдағы хаттамаға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңын қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бекболат Серікбекұлы.

Талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырдағы хаттамаға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Бүгін қабылданған заңдар Қырғыз Республикасы мен Армения Республикасының аумақтарына үшінші елдерден әкелінетін бірқатар тауар тізбесі бойынша кедендік-тарифтік реттеу саласын қамтиды. Нақты айтқанда бұл елдер



Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде қарастырылған уақытша жеңілдіктерді әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты бір жылға ұзартуды сұраған. Өтініштер тиісті деңгейде қолдау тапты.

Жалпы, бұл заңдар Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы әріптестік пен ынтымақтастық қатынастарды нығайтуға оң септігін тигізеді деп сенеміз.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Құрметті әріптестер, сауалдар бар ма?

Сөз депутат Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлына беріледі.

КҮРІШБАЕВ А.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сауалым Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Склярға жолданады.

«Елімізде егіс науқаны басталды, «көктемнің бір күні бір жылға азық» дейді халқымыз. Бірақ егіншілік саласында шешімін таппай жүрген мәселелер әлі де көп. Мәселен, еліміздегі басты дақыл – жаздық бидайдың орташа түсімі шамамен 1 гектардан 12 центнер болса, бізге ұқсас климаттық жағдайдағы Канада 27 центнер өнім алады. Соңғы 15 жылда Қазақстанда астық өнімділігі орта есеппен 15 пайызға өссе, біздің басты сауда бәсекелестеріміз Ресей, Канада және Австралияда 30-40 пайызға өскен. Дәл осындай деректерді майлы дақылдар, көкөніс және жем-шөп бойынша да келтіруге болады.

Мұның себебі неде? Өнімділіктің негізгі факторы тұқым материалының сапасы болып табылады, оған өнімнің 30-40 пайызы байланысты. Бірақ қазіргі таңда осы негізгі сала – селекция мен тұқым шаруашылығы біздің мемлекеттік органдардың назарынан тыс қалғанын ашық айту керек.

Бүгінде біз сорттар мен гибридтердің шамамен 70 пайызын, тіпті, бірқатар дақылдардың 100 пайызын шетелден алатындай мүшкіл халге жеттік. Сырттан әкелінген сорттардың көпшілігі біздің топырақ-климаттық жағдайымызға бейімделмеген. Жетекші аграрлық елдердің ешқайсысында мұндай жүйелі қателіктер жіберілмейді.

Осының салдарынан біздің фермерлеріміз тұқымның бір бөлігін Ресейден, Еуропадан сатып алуға, тіпті, оларды мұхиттың арғы жағынан әкелуге мәжбүр болуда. Әрине, бұл өнімнің өзіндік құнына қатты әсер етеді. Осылайша біз азық-түлік қауіпсіздігінің базалық көрсеткіші болып табылатын отандық селекцияның сұрыптарымен қамтамасыз ету бойынша тәуелсіздігімізді жоғалтып алдық. Бұл кез-келген санкция, табиғи апат немесе қандай да бір төтенше жағдайлар болса біздің ауыл шаруашылығымыз жоғары репродукциялы тұқымсыз қалатынын білдіреді.

Қазақстанның егін шаруашылығы алқаптарының 93 пайызы тәуекелді аймақта орналасқан. Дегенмен құрғақшылық кезінде фермерлеріміздің тиісті өнім ала алмауы немесе банкротқа ұшырауы тек ауа-райының салдарынан ғана емес. Оның бірден-бір себебі – елімізде құрғақшылыққа төзімді сорттардың жоқтығы. Біздің климатқа бейімделген ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттары мен гибридтерінің болмауына байланысты егіс алқаптарының құрылымын әртараптандыру тежелуде. Сол себепті солтүстікте жоғары протеинді және шырынды мал азығын өндіруді қамтамасыз ете алмай

отырмыз. Ондай мал азығы болмаса мал шаруашылығы дамымайды. Ал оңтүстік облыстарда сапалы сорттар мен гибридтердің болмағанынан көкөністердің өнімділігі мен сақтау мерзімі өте аз. Сондықтан маусымаралық кезеңде олардың жетіспеушілігі қатты байқалады.

Ашығын айтсақ, элиталық тұқым материалының қолжетімсіздігі мен қымбаттығына байланысты біздің кейбір фермерлер стандартты емес тұқымдарды, яғни тауарлық астықты сеуіп отыр. Ащы шындық осы.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының селекциясын, тұқым шаруашылығын өркендетпей еліміздің аграрлық саласы дамымайды. Ал шаруашылықтарды сапалы сұрыптармен, тұқыммен қамтамасыз ету – бұл мемлекеттің аграрлық саясатының негізгі бағыты. Осыған байланысты бұл маңызды саланы тиісті деңгейде дамыту үшін біз сауалымызда бес жүйелі ұсынысты енгізіп отырмыз. Олар сауалдың толық мәтінінде көрсетілген.

Үкімет осы ұсыныстарды жан-жақты қарастырып, тиісті шараларды қабылдауы қажет. Олардың барлығы қазір әзірленіп жатқан Қазақстан Республикасының аграрнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жобасында көрініс табуы тиіс деп санаймыз.

Құрметпен, депутаттар Күрішбаев, Бектаев, Булавкина, Сүлеймен, Дүйсембинов, Сұлтанов, Нұрғалиев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Құртаев Әлімжан Сейітжанұлына беріледі.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Тоғжановқа жолданады.

«Осы депутаттық сауалды жолдауға өңірлерге іссапар кезіндегі бір топ азаматтың өтініштері негіз болды.

Азаматтарымызды халқы тығыз орналасқан оңтүстік өңірлерден жұмыс күші жетіспейтін солтүстік өңірлерге көшіру бағдарламасының маңызы ерекше.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына қатысам деушілерге жергілікті атқарушы органдар тарапынан толыққанды жағдай жасалмай отыр. Көшуге ниет білдірген отбасы қабылдау облыстарының барлық аудандары туралы толық ақпаратқа қол жеткізе алмайды. Соның салдарынан олардың таңдау мүмкіндіктері шектеулі. Кейбір жергілікті органдар қоныс аударған отбасын өздерінің қалаған ауылына емес, әкімшілік таңдаған ауылға жіберуде.

Тағы бір мәселе тұрғын үй бойынша. Кейбір өңірлердегі жаңа жеке тұрғын үйлерді салу жұмыстарымен шаруа қожалықтары айналысуда және ресми келісу процестерін толық өтпестен үйлерді салуда. Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтеріне сәйкес жаңадан салынып жатқан үйлердің сапасы сын көтермейді. Сонымен бірге көшіп барушылардың ақпаратына сүйенсек, ескі үйлерді сатып алуға бөлінетін қаржы қысқартылып кеткен, тұрғын үй салынбаған елді мекендерге көшіп келушілерге үй сатып



алуға ақша дер кезінде аударылмайды және әкімшілік кедергілер туындап тұрғанын хабарлайды.

Осы бағдарламаның орындалуы толыққанды және халыққа тиімді болуы үшін келесі шараларды ұсынамыз.

Жіберуші және қабылдаушы өңірлерде Call орталықтарын ашу қажет. Оның жұмысын тиімді ету үшін оған төмендегі ақпаратқа ие мамандарды тарту керек:

бос жұмыс орны туралы;

тұрғын үймен қамту барысы (жаңа тұрғын үйлер туралы ақпарат);

шағын кәсіппен айналысатын нақты жоспарлар тізімі әзірленуі керек. Ондай жоспарлар жергілікті әкімшілікпен келісілгені жөн деп санаймыз. Облыс аудандарында шаруашылықтың қай түрімен айналысуға болатыны туралы мәлімет;

қабылдау өңірлерінің даму жоспарымен таныстырып, қоныс аударған отбасыларын сол жоспарға сәйкес перспективалы салада орналастыратын жұмыс орындарының тізімі;

көшіп барған азаматтардың екінші деңгейдегі банктерде несиесі болған жағдайда 6 айдан 1 жылға дейін каникул берілсе. Себебі көшіп барған азаматтардың несиелік қарызы бар болған жағдайда оларға субсидия берілмей жатыр.

Сонымен бірге Павлодар облысында қоныс аударушыларға арналған бейімдеу орталығының жатақханасына жаңадан көшіп келген азаматтарды уақытша орналастырып, қажетті мамандарды аудандардағы сұранысқа ие вакансияларға орналастыруда оң тәжірибе бар. Уақыт өте келе осы орталықтың жұмысының өте тиімді екені айқындалды. Осындай орталықтардың басқа да облыстарда ашылуын қарастыру керек деп санаймыз.

Қоныс аударушы азаматтар қабылдаушы аумақтардың әр ауылына кемінде 10 отбасыдан жайғастырылса бір-біріне көмек қолын созып, жергілікті жерге бейімделіп кетулеріне оңтайлы болар еді.

Құрметті Ералы Лұқпанұлы! Мемлекет солтүстік өңірлерге халықты көшіріп қоныстандырдық дегенмен солтүстіктен кері көшіп жатқандар да аз емес. Былайша айтқанда, демографиялық жағдайды оңдап, солтүстіктегі шекаралық өңірлердің иен қалмауы үшін атқарылып жатқан бұл бағдарламаның орындалу барысын Үкімет жіті қадағалап отырмаса жұмсалған қаржы ертең өзін ақтамай, текке кеткен шығынға айналуы әбден мүмкін.

Еліміздің оңтүстік өңірлерінен жоғарыда атап өткен бағдарламада белгіленген аймақтарға ынталы азаматтардың көшуіне жағдай жасап, қоныстанған мекендерде сіңісіп кетуіне ықпалын тигізетін ұсыныстарды қабылдауды және іске асыру мүмкіндігін қарастыруды және ол үшін мүдделі орталық мемлекеттік органдарға тиісті тапсырма беруіңізді және заңмен белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймын.

Құрметпен, Құртаев, Сұлтанов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызды бүгін басталған қасиетті Ораза айт мерекесімен құттықтаймын! Отыз күн оразада ауыз бекіткен азаматтарға ниеттеріңіз бен тілеген дұға, тілектеріңіз қабыл

болсын дейміз. Айдан айға, жылдан жылға аман-есен жете берейік. Әр шаңыраққа шаттық пен бақ-береке тілеймін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

**МАЗМҰНЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**  
**2021 жылғы 13 мамыр**

**Күн тәртібі бойынша**

О повестке дня ..... 1

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы 2014 жылғы 10 қазандағы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде**

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменений в Договор о присоединении Республики Армения к Договору о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года от 10 октября 2014 года», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрі  
Б.Т. СҰЛТАНОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад Министра торговли и интеграции Республики Казахстан  
СУЛТАНОВА Б.Т. .... 1

**Сөз сөйлеген:**

Выступила:

НҰРЖІГТОВА Д.Ө. .... 2

**Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі С.А. КАРПЛЮКТИҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад члена Комитета по финансам и бюджету КАРПЛЮКА С.А. .... 3

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырдағы хаттамаға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде**

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменений в Протокол об условиях и переходных положениях по применению

Кыргызской Республикой Договора о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года, отдельных международных договоров, входящих в право Евразийского экономического союза, и актов органов Евразийского экономического союза в связи с присоединением Кыргызской Республики к Договору о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года от 8 мая 2015 года», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрі  
Б.Т. СҰЛТАНОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад Министра торговли и интеграции Республики Казахстан  
СУЛТАНОВА Б.Т. .... 4

**Сөз сөйлеген:**

Выступил:

ҚАНИЕВ Б.Н. .... 5

**Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Б.С. ОРЫНБЕКОВТИҢ  
қосымша баяндамасы**

Содоклад члена Комитета по финансам и бюджету ОРЫНБЕКОВА Б.С. .... 5

**Депутат А.Қ. КҮРІШБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-  
Министрінің орынбасары Р.В. Склярға депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата КУРИШБАЕВА А.К. к Заместителю Премьер-  
Министра Республики Казахстан Скляру Р.В. .... 7

**Депутат Ә.С. ҚҰРТАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-  
Министрінің орынбасары Е.Л. Тоғжановқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата КУРТАЕВА А.С. к Заместителю Премьер-  
Министра Республики Казахстан Тугжанову Е.Л. .... 8

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық  
қамтамасыз ету басқармасының  
инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің  
жетекші редакторы



И. Шыныбаева